



КазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ
ҰЛТТЫҚ ТЕНІЗ КӨМБЕ ҚАТЫНАСЫ КОМПАНИЯСЫ

«ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰТКҚК ЖШС АЛКОГОЛЬГЕ ЖӘНЕ ЕСІРТКІГЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК ЖШС (бұдан әрі – ҚТКФ) қызметкерлерінің және өзге адамдардың ҚТКФ объектілерінде/кемелерінде, сондай-ақ ҚТКФ объектілерінен тысқары жерлерде болған, жұмыстарды орындаған немесе ҚТКФ атынан мүдделік танытқан кезде дәрігердің дәріқағазы болған жағдайда еңбек (қызметтік) міндеттерін атқаруға кедергі келтірмейтін құрамында есірткі бар дәрі-дәрмекті қоспағанда алкоголь және есірткі дәрі-дәрмектерін, психотроптық және осыған ұқсас заттарды (бұдан әрі – алкоголь және есірткі) қолдануға, әзірлеуге, сақтауға, сатуға, таратуға тыйым салынады.

Осы саясаттың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында ҚТКФ мыналарға құқылы:

✓ қызметкерлерді және өзге адамдарды ҚТКФ объектілеріне/кемелеріне жіберген кезде олардың келісімімен жеке заттарын сырттай тексеріп қарауға;

✓ қызметкерлердің және өзге адамдардың ҚТКФ объектілерінде/кемелерінде, сондай-ақ ҚТКФ объектілерінен тысқары жерлерде болған, жұмыстарды орындаған немесе ҚТКФ атынан мүдделік танытқан кезінде оларға куәландыру (алкоголь және есірткі қолдануды анықтау үшін) жүргізуге немесе оларды куәландыруға жолдауға.

Осы Саясат талаптарын орындамау ҚТКФ қызметкерлерін жұмыстан шығаруға және өзге адамдарды ҚТКФ объектілеріне/кемелеріне жібермеуге негіз болып табылады.

Бас директор
(Басқарма төрағасы)



А. Оржанов

2020 жылғы «23» қаңтар

